ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 25 тамыз №4360-23-00-2/1471 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Ермаганбетов» атауымен әрекет етуші Жаркинбек Сагинтаевич Ермаганбетов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Ж.А.Тажиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 26 сәуірде талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №228 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасып, Шарттың 1-қосымшасына сәйкес тапсырыс берушінің сұранысымен кесте бойынша жалпы сомасы 80 500 теңгеге 23 кг кофе жеткізуге тиіс болған.

Шарт талаптары тиісінше орындалмауына байланысты талап қоюшы жауапкерге 2023 жылғы 17 тамыздағы шығыс хатпен ескертпе хат жолдағанмен, жауапкермен кемшіліктер жойылмаған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісті түрде орындамауына байланысты, талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 22 маусымда сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қою бойынша жазбаша пікірін ұсынбаған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкерге сот отырысы туралы тиісті түрде хабарланғанымен сот отырысына дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес істі жауапкердің қатысуынсыз қарауға ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-тармағына сәйкес шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 8-бабының 4-тармағына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен Шарттың 1-қосымшасына сәйкес тапсырыс берушінің сұранысымен кесте бойынша жалпы сомасы 80 500 теңгеге 23 кг кофе жеткізуге тиіс болғанымен, Шарт талаптары тиісінше орындалмаған. Шарт талаптары тиісінше орындалмауына байланысты талап қоюшы жауапкерге 2023 жылғы 17 тамыздағы шығыс хатымен ескертпе хат жолдағанмен, жауапкермен кемшіліктер жойылмаған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 22 маусымда жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қою қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 04.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.10.2023, судья Елшібеков Б. Е., 05.10.2023

Сонымен бірге, АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысын өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ермаганбетов» атауымен әрекет етуші Жаркинбек Сагинтаевич Ермаганбетов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ермаганбетов» атауымен әрекет етуші Жаркинбек Сагинтаевич Ермаганбетовтен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 04.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.10.2023, судья Елшібеков Б. Е., 05.10.2023